

ПЕДАГОГИКА

ӘОЖ 378.147

У. Н. Алашабаева

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ӘЛЕМДІК КЕҢІСТІГІНДЕ ЫҚПАЛДАСТЫРУ СҰРАНЫСТАРЫНА СӘЙКЕС ЖАҢҒЫРТУ

Андатпа. Қазіргі нарықтық экономика жағдайында техникалық және кәсіптік білім жүйесінің қолданыстағы инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық жарақтандыруы кадрлар даярлаудың сапасы мен жастар үшін оқытудың тартымдылығын қамтамасыз ете алмайды. Мақаланың мақсаты әлемдік білім кеңістігінде ықпалдастыру сұраныстарын ескере отырып, ТжКБ мазмұнының құрылымын жаңғырту.

Кілт сөздер: техникалық және кәсіптік білім, экономика, индустриялық-инновациялық, индустрия, жаңғырту.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты ел болашағының бағытын түзеген кешенді бағдарламалық тапсырмалар топтамасы халықтың әл-ауқаты мен сапалық деңгейін көтеруді көздеген қадам. Осы кешенді тапсырмалар топтамасында жауапты орындарға берілген әр тапсырма аса маңыздылығымен қатар, жарқын келешекке жасалған 20 қадам бірін бірі толықтырып тұрған жақсы өмірдің тұтас жиынтығы деуге әбден болады.

2020 жылға дейінгі Мемлекеттік бағдарлама жоғары және техникалық және кәсіптік оқу орнынан кейінгі білім берудің мақсаты ретінде еңбек нарығының, еліміздің индустриалдық-инновациялық даму міндеттері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізуді анықтайды. Кез келген ел экономиканы дамытудың перспективалары кадрлар даярлау инфрақұрылымын жаңғыртуды қамтамасыз ететін жоғары білікті жұмысшылар мен орта буын мамандарын даярлау – негізгі басымды бағыттардың бірі болып саналады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес кадрлар даярлауда дуальді оқыту жүйесінің негізгі принциптерін енгізу шаралары қабылданды. 2012 жылы «Самұрақ-Қазына» ҰӘҚ 9 компаниясы мен 29 ТжКБ оқу орны арасында дуальді оқыту түрі бойынша келісім жасалған. 2013 жылы кадр дайындауда дуальді оқыту түрін жүйелі енгізуде 50 мамандық пен 174 оқу орны жеңілөнеркәсіп, ауылшаруашылық, көлік, энергетика, мұнай және газ өндірісі салаларында іске асырылады [1].

Соңғы 2 жылда ТжКБ-ның 130 мамандығы бойынша жұмыс берушілер және халықаралық сарапшылар бірлесе отырып, жаңа үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірленді. Онда практика саны көбейтілген. Оқу бағдарламаларын жетілдіру кәсіби стандарттарға сәйкес жүзеге асырылып жатыр.


Демек, біріншіден ТжКБ жетілдірілген жүйесі ең үздік әлемдік тәжірибені ескеріп, жастарға мансаптық өсуге және білім аруды жалғастыруға мүмкіндік беру керек.

Екіншіден, техникалық және кәсіптік білімнің құрылымы мен мазмұнын экономиканың индустриялық-инновациялық дамуының сұраныстарын ескере отырып жаңарту (1-сурет).

Соның ішінде, кәсіптік-техникалық білім берудің ортақ жүгін өндіріске бағыттау қажет, сол арқылы сапа мен сұраныстың артуы да қамтамасыз етілмек. Сонымен бірге білім

беру мазмұнының әлемдік тәжірибе эквиваленттілігіне жету қажет, әсіресе орта буынның біліктендірілген мамандарын көп салаларда импорттау. Жұмыс берушілер мен жергілікті басқару органдарының өзара әрекетін қамтамасыз ету өте маңызды.

Сондай-ақ жоғары білім жүйесіндегі Назарбаев университеті сияқты «өсу нүктесі» болатын, төрт өңіраралық кәсіптік орталықтарды құру мен олардың қызметтерін бастау мәселелерін шешу қажет. Мұның бәрі, тұтастай алғанда, ТжКБ жүйесі үшін оқыту мазмұнын, материалдық-техникалық және кадрлық қамтамасыз ету деңгейін көтеруге ықпал етуі тиіс.



1-сурет. ТжКБ берудің инфрақұрылымы

Бұл – Қазақстан үшін түбегейлі жаңа міндеттің қойылуы. Тек осылай ғана экономикамыздың, салалар мен кәсіпорындарымыздың орта буын білікті кадрларына деген қажеттілігін қанағаттандыруға болады.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында инновациялық кәсіптік білім беру жүйесінің басты міндеті – білім беру сапасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттардың талаптарына сәйкес [2,3]:

- кадрларды ұлттық біліктілік жүйесі негізінде даярлау толықтай еңбек нарығының сұраныстарына сәйкестендіру;
- оқу орындарының оқу-өндірістік шеберханалары мен зертханалары;
- замауи оқу-өндірістік және технологиялық жабдықтармен, ақпараттық технологиялармен қамтамасыз ету;
- кәсіпорындардың нақты сұраныстарын ескере отырып, кооперативтік оқыту кең түрде енгізу;
- бизнес пен кәсіби қауымдастық ТжКБ-ны дамытуға және кадрлар даярлауға белсенді қатысу;
- экономика салаларында жұмыс берушілердің қатысуымен біліктілікті арттыру;
- сертификаттаудың тәуелсіз орталықтары жұмыс істеу.

Бұл – Қазақстан үшін түбегейлі жаңа міндеттің қойылуы. Тек осылай ғана экономикамыздың, салалар мен кәсіпорындарымыздың орта буын білікті кадрларына деген қажеттілігін қанағаттандыруға болады.

Бұл салаға арналған стратегиялық жоспарлау қағидаты, міне, осындай. Қорыта келгенде, ТжКБ жүйесі еліміздің Үдемелі индустриялық-инновациялық

дамуының мемлекеттік бағдарламасы аясында, жастарға сапалы білім, саналы тәрбие бүкіл оқу орнындарында білім беру ісін оқытудың озық инновациялық қызметтің жаңа инфрақұрылымын құру, толықтыру, оқытудың жаңа технологияларын іздестіру, ақпараттық технологияларды болашақ мамандарды оқыту ісінде тиімді пайдаланып, оны келешекте әлемдік білім кеңістігінде ықпалдастыру сұраныстарына сәйкес дамуына себепкер болатын мамандардың біліктілігін жетілдіру. Осы тұрғыда жоғарыда айтылғандай, жастарды жалпыға ортақ еңбек қоғамын құруға бағыттау керек.

Әдебиеттер

1. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам мақаласы. <http://personal.akorda.kz/kz/category/statyi/1352>
2. Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.- Астана, 2008ж.-20бет.
3. Қазақстан Республикасының Ресми сайты, <http://www.mcfr.kz/about/news/2422/43257/>

У.Н. Алашабаева

ОБНОВЛЕНИЕ ТЕХНИЧЕСКОГО И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ С УЧЕТОМ ЗАПРОСОВ ВО ВСЕМИРНОМ ПРОСТРАНСТВЕ

В настоящее время существующая инфраструктура и материально-техническое оснащение системы технической и профессионального обучения (ТиПО) не обеспечивают качество подготовки кадров и привлекательность обучения для молодежи. Целью статьи является обновление структуры содержания ТиПО с учетом запросов индустриально-инновационного развития экономики. Выводы исследования: повышение престижа обучения в техническом и профессиональном образовании и развитии инфраструктуры подготовки кадров для отраслей экономики.

Ключевые слова: технический и профессиональное обучение, индустриально-инновационный, экономика, индустрия, обновление.

U.N. Alashabaeva

UPDATING OF TECHNICAL AND PROFESSIONAL EDUCATION TAKING INTO ACCOUNT INQUIRIES IN THE WORLD SPACE

Currently, the existing infrastructure and logistical equipment system of technical and vocational training do not provide quality training and education appeal to young people. Purpose of the article is to update the structure of the technical and vocational training to satisfy needs of industrial-innovative development of the economy. The study's findings: increase the prestige of training in technical and vocational education and training infrastructure for industries.

Keywords: technical and vocational training, statistics, industrially-innovative, economy, industry updates.